

Жалпы білім беретін № 2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама № 1

25.08.2020

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Көмек қажет ететін отбасыларға қаржылай және материалдық көмек беру туралы

Тыңдалды:

Ж.К Кулбатырова – мектеп директоры

Мектеп басшысы сөз алып білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын жандандырып, әсіресе көмек қажет ететін отбасыларға көмек көрсету жұмысын талапқа сай орындалуын тапсырды.

Тыңдалды: Сериков Ербол тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қайырлы күн құрметті әріптестер, ата-аналар! Сіздерді 2020-2021 оқу жылында сәттілік тілей отырып алдағы атқарылатын көптеген мәселелерді атқаруға қамқоршылық кеңестің маңызы аса зор екенін айта кеткен жөн. Бүгінгі кеңес отырысымыз биылғы індетке байланысты көрсетілетін көмек, қаражат жөнінде болмақ. Осыған орай нағыз қажет ететін отбасылардың тізімін зерделеп, жітік тексеруге шақырамын.

Тыңдалды. Мектептің әлеуметтік педагогі Тулекова Ардақ – Сәлеметсіздерме құрметті әріптестер. Әрбір оқу жылында әдеттегідей көмек қажет ететін отбасыларға көмек көрсету басты мәселе. Биылғы оқу жылында, 2008 жылдың 25 қаңтарындағы 64 қаулыға сәйкес құжаттар жинақталып жатыр. Яғни, көп балалы, атаулы көмек алатын, аздамтылған, жартылай жетім, толық емес отбасы, жалғыз басты ана. Қазіргі уақытқа дейін мектебімізге 34 отбасы бойынша 72 оқушының құжат тапсырылып отыр.

Тыңдалды: Мектепшілік қамқоршылық кеңесінің төрайымы Алимжанова Р – мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына көмек көрсету, қолдау жасау игі істердің бірі болып табылады. Биылғы оқу жылында осы үрдісті қолдап, қадағалап бар күш жігерімізді жұмсауға тырысамыз. Біздерге артылып отырған міндет, жауапкершілік өте жоғары. Сол сенімді ақтау үшін барлығымыз ұйымшылдықпен ат салысайық деп сөзін аяқтады.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналармен мектеп арасындағы байланысты нығайту
2. Барлық көмек қажет ететін отбасыларды қамту, тіркеу.

Төрайымы: Алимжанова Р
Хатшы: Ещанова Э

